

*Л.А. Бургарт*

***ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КАТОЛИКТІК  
СЕНІМІ МЕН ШІРКЕУІНІҢ  
ТАРИХЫНАН***

*Өскемен  
2010*

*Л.А. Бургарт*

***ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
КАТОЛИКТІК СЕНІМІ МЕН ШІРКЕУІНІҢ  
ТАРИХЫНАН***

*Мақалалар жинағы  
(ішкі пайдалану үшін)*

***Өскемен  
2010***

*«Бүкіл тарих Құдайға тиесілі. Ол алқанты сеуіп тастайды,  
Ол масақтарды өсіріп, оларға дән береді. Халықтар жанталасады,  
Оған қарсы соғысу үшін барлық әміршілер бірігуі мүмкін.  
Ал Ол биіктігінен күледі. Ол бізді барлық (зұлымдық та, әлбетте)  
Оның құтқару жоспарын жүзеге асыруға ұмтылады деп сендіреді.  
Оның тыныш жымиысы кез келген бұқара биліктің хаосы  
алдында үстем болады, ал сол билік, өзі қаламаса да,  
дәл Оған ұнамды нәрсені жасайды»*

*/Сильвано Фаусти. Евангелиені есіңде сақта да баянда.  
Марқаның хабарлы катехизасы. М.: Паолине, 2008. 180 б./*

## Кіріспе

Қазақстандағы католиктік сенімі мен Католиктік Шіркеуінің тарихы – бұл әмбебап Католиктік Шіркеуінің тарихының кішкентай, бірақ ажырамас және маңызды құрамдас бөлігі; бұл сондай-ақ осы аймақтың және оны мекендейтін халықтардың тарихы мен мәдениетінің қуатты қабаты; бұдан басқа бұл тағдыры Қазақстанмен қалай болса да байланысқан әрбір сенетін католиктің конфессиялық өзін-өзі сәйкестендірудің негізгі компоненті. Осы тарих шамамен христиандықтың тарихыныңдай ғасырларға созылып, жалпы католиктік сенімі мен Шіркеуінің тарихындай жарқын, күрделі, қайғылы беттеріне толы. Бірақ, өкінішке орай, бүгінгі таңда бұл тарих өте нашар және фрагменттік зерттелген. Іргелі еңбектер жоқ болса, сонымен қатар Қазақстандағы католиктік тарихының әрбір мәселелері туралы жекелеген зерттеулер мен жарияланымдардың саны да аз.

Бұл жинақтың мақсаты – 2005-2010 жылдары Қазақстан мен Ресейде өткен түрлі халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылған және осы конференциялардың материалдар жинақтарында жарияланған жекелеген ғылыми мақалалар аясында осы тарихтың кейбір беттерін таныстыру. Материалдар жарияланғанына қарамастан, олар Қазақстандағы католиктік сенімінің және Шіркеудің тарихына қызығушылық танытатын оқырманға кейде онша қолжетімді емес. Біріншіден, жарияланымдардың бытыраңқылығына байланысты оларды іздеу қиынға соғады, екіншіден, ғылыми конференциялар жинақтарының таралымы да шектеулі. Ал осы жолы бұл материалдар бір арнайы тақырыптық жинақта жиналған. Оған енгізілген мақалалар Қазақстандағы католик сенімі мен Рим-католиктік Шіркеуі тарихының жеке беттерін білдіреді және бұл аймағында алғашқы христиандардың пайда болу (І мыңжылдықтың алғашқы ғасырлар) сәтінен бастап, бүгінгі күнге дейін ауқымды хронологиялық кезеңді қамтиды. Мақалаларда әртүрлі мәселелер ұсынылған: католиктердің Қазақстанда қоныстандырылуы, көші-қон проблемалары баяндалады, кеңес кезеңіндегі католиктер мен Католиктік Шіркеуінің жағдайы – қуғын-сүргіндерге қарамастан сенімді сақтау, жер аударылған католик пресбүтерлердің астыртын қызметі және т.б. тақырыптары зерттеледі, сенімді қайта жаңғырту мен шіркеулік құрылымдарын қалпына келтіру және Қазақстандағы Католиктік Шіркеуінің қазіргі заманғы жағдайы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Жинақта мақалалар жариялану кезектілігіне сәйкес орналастырылған. Олардың мәліметтері бастапқы жарияланым кезіндегі тақырыпты зерттеу жағдайын қамтып көрсетеді. Баяндамалар тыңдаушылардың әр түрлі аудиториялар үшін дайындалғандықтан, мақалаларда кейбір мәліметтер

қайталанады. Бұл сондай-ақ бір мақалаларда кейбір проблемалық тақырыптар ғана белгіленсе, басқаларында олар тікелей қаралатын болғандығына байланысты. Белгілі мақалалар жинақталған мәліметтерді жалпылауны және нақты теориялық тұжырымдар деңгейіне шығуды білдіреді.

Осы жинақ, әрине, тақырыпты түгел қамтуына үміттенбейді, бұл оның кейбір беттері ғана. Жинақтың мәліметтері Қазақстандағы католиктік сенімнің мен бүкіл Католиктік Шіркеуінің тарихына қызығушылық танытатын оқырмандар, сондай-ақ зерттеушілер – тарихшылар, дінтанушылар, демографтар, приходтар қызметкерлері, катехизаторлар, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дін тарихы оқытушылары және т.б. үшін пайдалы болады деп үміттенеміз.

## **Қазақстандағы Католиктік Шіркеуінің қалыптасуы мен дамуына көші-қон факторларының әсері\***

Өз тарихының алғашқы сәттерінен бастап христиандық шығыс пен солтүстік-шығысқа таралады. Қазақстан мен Орта Азиядағы христиандықтың ежелгі тамыры II-III ғғ. дейін жайылады. Оның осы аумағында таралуы Сирия, Палестина және Иранның қуғынға ұшыраған христиан халқының келуімен байланысты [2. 137-138 б.]. Бұл аймаққа келген христиан халқының көші-қон жосқындары сауда-дипломатиялық жолдардың маңызды трансконтинентальды трассаларымен ең тығыз түрінде байланысты болған, олардың арасында Ұлы Жібек жолы ерекше орын алды [1. 19-26 б.]. Бұл жол арқылы экономика, техника, ғылым саласындағы жетістіктермен ғана емес, сонымен қатар рухани мәдениет пен идеологиялармен де алмасу жүзеге асырылған. «Бұл жолдың құрлықтағы трассалары Үндістан мен Иран, Орта Азия елдері арқылы өтіп, бірте-бірте оңтүстіктегі Бактриядан Фергана мен Согдқа орталық аймақтарына қарай, одан кейін Шаш (Ташкент оазисі) арқылы Оңтүстік Қазақстан, Жетісу мен Сібір солтүстік өңірлердегі көшпелі далаларына қарай жылжып өткен болатын» [1. 20 б.].

Зерттеушілер осы аймаққа христиандықтың енуінде маңызды рөл атқарған екі жағдайды бөліп көрсетеді – бұл «сауда жолдарының бағыттары мен сенушілер өздерінің байырғы жерлерінде ұшыраған қуғындаулар» [1. 22 б.].

Ұлы Жібек жолының солтүстік бағыты VI-VII ғғ. Батыс Түрік империясы орталықтары орналасқан Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағына жылжып кетті [1. 96 б.]. Зерттеушілер сол замандағы Отырар, Испиджеб, Тараз, Навакет, Суяб қалаларының екпінді дамуын атап өтеді. VII-VIII ғғ. Оңтүстік Қазақстанның көптеген қалаларында христиан шіркеулері болды. Археологиялық қазбалар христиан мәдениеті мұнда қалдырған күшті табын көрсетеді [1. 96-100 б.]. Оның үстіне бұл мәдениет тұйық болып қалған жоқ, оның ықпалына жергілікті түркі халқы да ұшырады. Бұған жергілікті ақсүйектердің жекелеген өкілдерінің ғана емес, тұтас тайпалардың да христиандыққа сүйену фактілері дәлел бола алады.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда христиан сенуші халқының көші-қон жосқындары VI-VII ғғ. бастап бұл аймағында христиандық қалыптасуының негізіне айналды да XIII-XIV ғғ. дейін оның таралуының басты факторы болды.

XIII-XIV ғғ. осы аумағында христиандықтың таралуында католик миссионерлер-францискандықтар ерекше рөл атқарды. Саяхатшыларды Джованни Платано Карпини мен Гистом де Рубрук, көптеген миссионерлер-дипломаттарды, оның ішінде Джованни Монтекорвино және т.б. атауға болады. Көптеген миссионерлер Шығыстағы алғашқы христиан азапталушыларға айналды. Осы кезеңде бұл аумақ Рим Папаларының ерекше назар аударуының нысаны болған [3. 10-19 б.]. Папа Жохан XXII кезінде ортағасырлық

миссиялары жоғарғы шектеріне жетті [2. 145-178 б.]. Миссиялар уақытша (миссионерлердің қысқа мерзімді сапарлары), сондай-ақ тұрақты (миссионерлердің ұзақ уақытқа қалуы) сипатта болғанын атап өткені жөн. Кейінгі кезеңде миссионерлік қызмет белсенділігі төмендейді, христиандықты (басқа діндерді де сияқты) исламмен ығыстыру байқалады.

Осылайша көші-қон факторы Қазақстан аумағындағы христиандық тарихының осы кезеңінде негіз қалаушы болды. Христиандық көші-қон жосқынымен әкелініп, Шіркеудің миссионерлік қызметі барысында одан әрі таралуын және дамуын тапты.

XVIII ғ. мен XIX ғ. бірінші жартысында осы аумағына католик дінінің кейбір өкілдерінің (әскери қызметкерлерінің, тау шеберлерінің, инженерлердің, зерттеушілердің, саяси жер аударылғандардың және т.б.), көбінесе неміс және поляк ұлттарына жатқан, келуі байқалады. Бірақ олардың саны аз болған, оның үстіне Қазақстанда тұрған лютерандарға Сібірдің (Барнаул, Омбы, Орынбор) жүріп-тұратын пасторлары сол кезде қызмет көрсеткендігі туралы мәлімет болса, католиктер туралы ондай мәліметтер жоқ [4. 52-64 б.].

Қазақстандағы Католиктік Шіркеуі тарихының мүлдем жаңа белдесі XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басымен байланысты. Осы кезеңде қоныс аудару қозғалысы жағдайында Сібірге, Қазақстанға және Орта Азияға халықтың көші-қон жосқының біртіндеп ұлғаюы байқалады. Бұл көші-қон жосқынында католиктер – немістер, поляктар және литвалықтар да болған.

XIX ғ. аяғында Ресейдегі неміс халқының конфессиялық құрылымы Сібірге, Қазақстанға және Орта Азияға көшкен неміс халқының құрылымына тікелей проекцияны аударған. Ресейдің орталық аймақтарынан көшкен немістер көбінесе лютерандық діни нанымға тиесілі болған (шамамен 2/3). Немістер арасындағы католиктердің саны әлдеқайда төмен болды [4. 56-57 б.].

Келген халықтың қоныстандыру ерекшеліктері конфессиялық тұрғысынан біртектес поляк, неміс, литвалықтар кенттерінің құрылуына себеп етті. Неміс келімсектерінің арасында әсіресе нақты конфессиялық жекеленушілік байқалды. «Аналық» колонияларында сияқты, лютерандар дәстүрлі түрде лютерандармен бірге, католиктер католиктермен бірге, ал менониттер менониттермен бірге қоныстанды. Зерттеушілер атап өткендей, «лютерандарға қарама-қайшы, неміс католиктер барлық жерде шаруа ауылдарының тұрғындары болып табылып, Қазақстан қалалары тұрғындарының конфессиялық-демографиялық құрылымында дерлік мүлде болмады» [4. 57 б.].

Поляктар мен немістердің католиктік ауылдары көбінесе Ақмола облысы Көкшетау уезінің, Торғай облысы Қостанай уезінің аумақтарында орналасқан. Осы аудандарында келімсектердің қоныстану салыстырмалы тығыздығы (мекендендірілу «ұялы қағидасы») байқалды [5. 25 б.]. Бірақ католиктердің бөлек құрылған қоныстардың фактілерін де көрсетуге болады: мысалы, қазіргі

Шығыс Қазақстан облысы аумағында лютерандардың «ұялы» қоныстарымен қатар Екатериновка [6. 17 б.], Переменовское (Мариенбург) [7. Б. 537] деген католик кенттері де болған.

Зерттеушілер мәліметтері бойынша, лютерандармен салыстырғанда «Қазақстан мен Орта Азиядағы католик конфессиясының жетістіктері революция алдындағы заманда әлдеқайда мардымсыз болған, өйткені жергілікті католиктердің саны салыстырмалы аз болса, олардың басым көпшілігі поляк ұлтына жатқан. Сондықтан келген католиктердің діни мұқтаждықтарын қамтамасыз ету проблемасы оның әкімшілік-практикалық шешімі деңгейінде орыс шенеуніктері үшін империяның ішкі өміріндегі «поляк сепаратизмінің» қиын мәселесімен тығыз байланысқан болған [4. 59 б.]. «Немістердің жер иелігін шектеу» саясаты да белгілі рөл атқарды [5. 20 б.].

Дегенмен, XX ғ. басында поляк және неміс келімсектер құрған көптеген католиктік кенттерінде өздерінің ғибадатханалары, часовнялары, дұға үйлері де болған.

«XIX ғ. соңында Қостанайда католик шіркеуі, Омбы приходының филиалы болды. XX ғ. басында поляк және неміс келімсек католиктер колониялары бар Ақмола және Семей аудандарында Қостанай қаласы приходының пресбүтерлері қызмет етті. 1917 жылы Қостанай приходына 6 мың католиктер, 8 дұға үйі жататын болған. Петропавл және Көкшетау уездерінде 5 мыңға жуық поляк, неміс және литвалық католиктер тұрды. Петропавл уезінде Исаның Аса Қасиетті Жүрегіне арналған шіркеуі, ал Стеселовка және Келлеровка кентерінде часовнялар болды. Осы Шіркеу құрылымдарының барлығы Омбы деканатының құрамына қосылып тұрған. 1905-1923 жылдары Верный қаласында (Алматы) Ташкент деканатына тіркеліп қойылған католик шіркеуі іс қыла жатқан» [8. 667-668 б.]. Торғай облысының неміс католик ауылдары Орынбор рим-католиктік приходының қарамағында болды. Түркістан католиктері үшін 1905 ж. Ташкентте костел салынды.

Зерттеушілер «революция алдындағы заманда неміс католиктердің жергілікті және дисперстік топтарында қатаң діни ұйымдастыру болмаған» деп мәлімдейді [4]. Көптеген жайында көші-қон факторы шешуші рөл атқарды: ол өңірдегі католик халқының санына, меншікті үлесіне себеп етті (бастапқыдан келген келімсектер топтарының құрамындағы католиктердің үлесі едәуір төмен болған). Келген көшіп-қонушыларды қоныстандырудың ерекшеліктері Қазақстанда Католиктік Шіркеуі таралуының негізгі аумақтарын бекіткен.

Қазақстандағы Католиктік Шіркеуі тарихының жаңа сапалық белдесінің алғашқы беттері келімсек католиктердің келуімен байланысты. Католиктік сенім осы аумағында діншілдіктің жоғары дәрежесімен ерекшеленетін поляк және неміс келімсектері келгенімен бірге тағы да пайда болады. Католиктік Шіркеуінің кейін туындаған құрылымдары көбінесе осы халқының топтарын



қамтыды. Католик сенімінің қоршаған халық арасында таралу фактілері (сирек оқиғаларды қоспағанда) іс жүзінде орын алған жоқ.

Осылайша Қазақстандағы Католиктік Шіркеуінің туылуы мен қалыптасуы ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басында орын алған көші-қон үдерістерімен байланысты болды.

Кеңестік билігінің ауылға экономикалық және саяси қысымы туындатылған 20-шы жж. эмиграциялық үдерістері (ең алдымен, неміс халқының арасында) католиктер санының азаюына себеп болды. Бірақ бұл үдерістердің салдары оншама едәуір болған жоқ, себебі эмиграциялық қозғалыспен көбінесе менониттер қамтылған болған [9. 30-72 б.]. Сонымен қатар айдалып және қуылып келе жатқан халқының (кулактар, саяси жер аударылған және т.б.) құрамындағы католиктіктер санының белгілі үстелуі байқалады.

Қазақстандағы католиктік тарихының келесі белдесі ХХ ғ. 30-40 жж. байланысты болған. 1936 ж. 27 сәуірдегі «Украин КСР шекаралық аудандарынан поляк ұлтына жатқан тұлғаларды (саяси сенімсіз элемент) көшіру туралы» қаулысы бойынша поляктар мен немістер Украин КСР-ден күштеп көшірілгенде Қазақстандағы католиктік діни наным-сенім тұрғындарының үстелуін байқауға болған [10. 85 б.]. Барлығымен 14048 шаруашылық, 63976 адам депортацияға ұшыраған [9. 85 б.]. Келімсектердің басым көпшілігі католик діни сенімін ұстанып жүрген. Жер аударылғандардың 75,7% іс жүзінде бәрі жаппай католик дініне жатқан поляктар болған (48430 адам). Немістер 23,8% (14970 адам), ал украиндар 0,8% (512 адам) құраған [9. 85 б.]. Оларды орналастырудың негізгі аймақтары Солтүстік Қазақстан (12008 шаруашылық) және Қарағанды (2040 шаруашылық) облыстары болып табылған [10. С 224]. Бұл облыстар католиктік халқы біркелкі тығыз тұратын негізгі өңірлерге айналды. Келімсектерді қоныстандыру ерекшеліктерін, атап айтқанда олардың басым бөлігі жаңа кенттерге (11 мыңнан астам шаруашылық) орналастыруын ескере отырып [10. 224 б.], моноконфессионалық кенттердің санын көбеюі туралы айтуға болады. Ескі колхоздарда 3 мыңнан біраз көбірек қана шаруашылық орналасқан [10. 224 б.].

Қазақстанға келген католик халқының жаңа көші-қон толқыны 1941 ж. неміс халқының жаппай депортациясымен байланысты болған. Сол кезде аумақ жеріне шамалы 400 мың немістер көшірілген [11]. Олардың арасында католиктердің нақты санын анықтау мүмкін емес, бірақ неміс халқының дәстүрлі конфессиялық құрылымына сүйене отырып, католиктердің үлесі шамамен 1/3 құрады деп ұйғаруға болады. Бұл католиктердің Қазақстанға ең қуатты көші-қон ағыны болды, оның барысында католик дініндегі адамдардың жалпы саны айтарлықтай өсіп, олардың қоныстандыру аумағы едәуір кеңейді [11]. Католик тұрғындарды тұтастай алғанда әлде тек Қазақстанды айтқанда көшірілген халықты орналастыру ерекшеліктері [11] олардың дәстүрлі

моноконфессиялық тұрушылық қағидасын бұзуына әкелді. Неміс католиктер жиі орыс және қазақ халқы ғана емес, сондай-ақ неміс лютерандар және менониттер тұратын ауылдарында табылып қалған [13].

Осылайша көші-қон (күштеп көшіру) факторы Қазақстандағы католик халқының санының көбеюінің негізгі себебіне айналды. Алайда сандық өзгерістер өңірдегі Католиктік Шіркеуінің сапалық өсуі мен дамуы туралы айтуға жағдай бермейді. Қазақстан католиктерінде жарты ғасыр бойы еркін діни сенім тұту мүмкіндігі болмайды. Олардың сыбағасы «катакомба шіркеуі» деп аталатын [14. 110 б.] ахуал, яғни жасырын сенім мен үйлеріндегі сиыну жиналыстары болады [15]. Аға буын өкілдері өз сенімін сақтап, балаларына жеткізуге тырысқан [15]. Пресбүтерлер жоқ жағдаятында шомылдыру дорасын әжелер үйде жасағанын көптеген фактілері де белгілі.

Тек 80-ші жж. Католиктік Шіркеуін қайта қалпына келтірудің алғашқы талпыныстарын, ең алдымен Қарағандыда, жасауға мүмкін болды [14. 112-113 б.]. Қазақстандағы Католиктік Шіркеуінің қайта жаңғыруы туралы тек 90-шы жж. қарап қана айтуға болады, өйткені тап сол кезінде католик қауымдарының тіркелуі және жаңа ғибадатханалар мен часовнялар құрылуы басталып, шіркеулік құрылымдары қалыптасты. 1991 ж. 13 сәуірінде Ватикан Қазақстанның Апостолдық әкімшілігін құрды [16]. 90-шы жж. сенімнің жандандырылу, адамдардың діни санасын белсенді ояну, олардың Құдайға қайту заманға айналды [17]. Бұл үдерісте Қазақстанға Батыс және Шығыс Еуропа елдерінен (Германия, Италия, Польша, Словакия және т.б.) келген католиктік миссионерлер үлкен рөл атқарды. Олардың жанкешті миссионерлік қызметі (миссионерлер мұнда 5-10 және одан да көп жылдар бойы өмір сүреді және жұмыс істейді) жүздеген мың адамдарға сенім қайтаруға көмектесті де көмектеседі. Жергілікті «рухани кадрлар» болмағандықтан миссионерлердің қызметі Қазақстандағы Католиктік Шіркеуінің жандардыруы мен дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады [18]. Бұл кезең осы жердегі Католиктік Шіркеуінің тарихындағы жаңа сапалық белдесін шынымен де анықтады. 1994 ж. Қазақстанда 40 католиктік приходтар мен 26 пресбүтерлер әрекеттерін жасады. 1998 ж. тіркелген католиктік қауымдарының саны 77 құраған [8. 671-672 б.]. Және осы белдесінде де көші-қон факторына тағы да елеулі рөлді атқаруды жазыпты болды. Бұл ең алдымен неміс, сондай-ақ поляк халқы өкілдері Германияға, Ресейге және Польшаға жаппай эмиграция үдерісі туралы айтылған. Бұл үдеріс Қазақстанның барлық католик приходтарына тікелей әсер етті. Неміс халқының көшкін тәрізді эмиграциясы жаңарған Католиктік Шіркеуіне сезінерлік соққы берді. 1999 ж. қарай Қазақстандағы неміс халқының саны 1989 ж. салыстырғанда 600 мыңға қысқарылды. Өсімнің теріс сальдосы 62,7% құрады [19]. Мұндай ауқымдағы үдерістердің салдары өте елеулі болды. Ресей, Қазақстан және Орта Азиядағы Католиктік Шіркеуі үшін

осы зардаптардың қаншалықты ауыр болғанын архиепископ Тадеуш Кондрусевич пен епископтар Иосиф Верт және Яна Павел Ленга үндеуі көрсетеді: «Біз, Ресей, Қазақстан және Орта Азия аумағындағы Католиктік Шіркеуінің епископтары, біздің елдерімізде және бүкіл әлемде екінші мыңжылдықтың батуында болған орасан зор жағымды өзгерістер туралы қуаныштарыңызды ортақтасамыз. Бұл ең алдымен тоталитарлық режимдердің құлдырауы және халықтарымыздың діни бостандықтарына ие болуы. Біз сондай-ақ осы өтпелі кезеңге жанамалайтын қиындықтарына байланысты аландықтарыңыз бен қамыңызға да қосылып, Құдайға “Өзінің тандап алған адамдарына бола... сол күндерді қысқартып қойсын” (Мт 24,22) деп жалбарынамыз. Неміс ұлтына жататын біздің отарымыздың бір бөлігі үшін бұл ең алдымен Германияға көшу үдерісі. Сіздердің шығуларыңызға шынайы жүрекпен өкінеміз. Соншама үлкен сенушілер санының жоғалуы біздің католиктік приходтардың өміріне күйзелтетін әсер етеді. Бірақ осы қиын таңдау жасауға мәжбүр ететін терең себептерді түсініп, осындай таңдауның еркіндігіңізді толығымен мойындаймыз. Сонымен қатар, осы жерде қалып, елдеріміз бен халықтарымыздың жан-жақты қайта жаңғыруына өз үлесін қосуға әрбір батыл шешімді қолдаймыз. Терең дағдарысқа ұшыраған елдерден халықтардың шығуы проблемалардың шешімі болмайды. Тәуір болашақ үшін дұға ету мен жұмыс істеуге дайын адамдар қажет» [20. 5 б.].

Тек эмиграцияның өзі ғана емес, оның алдындағы эмиграциялық көңіл-күйі де қайғылы салдарға келтірді. Епископтар өз үндеуінде былай дейді: «Шетелге шығуларына күтетін отбасылардың кеткенше көп уақыт бұрын қоғамнан өздерін алып тастап, балалары айлап мектепке бармайтын қайғылы құбылыстары туралы білеміз. Тіпті ересектер де өздерін әдеттегі істермен айналыстыра алмайды, ал соңғы апталар жиі спирттік ішімдікті көп ішетін жолаяқтарында өтеді. Бұл бүкіл ұлттың құлдырауына алып келуі мүмкін, өйткені немістердің шығу үдерісі ұзақ жылдарға созыла алады...» [20. 5 б.]. Епископтар үндеулерінде неміс сенушілерді «кету күні мен сағатын күткен уақытын босқа өткізбей, Германиядағы болашақ өмірлеріне ынтамен дайындалуына» шақырады. Бұл уақытты адамның жердегі өмірінің негізгі міндеті болып табылатын өзіміздің жан-жақты жетілдіру үшін мүмкін болғанша қарқынды пайдалану керек... Біз Шіркеу бақташылар ретінде өздеріңіздің рухани жетілдіру үшін жұмыс істеулеріңізге шақырамыз. 1990-шы жж. бұрынғы КСРО-да шіркеу құрылымдары қалпына келтірілгеннен кейін, көптеген қалаларда католик пресбүтерлер қызмет ететін приходтары да қалпына келтірілді және әрекет жасады. Прихоттарыңыздың діни өміріне қаттырақ қосылыңыздар: жексенбі Мессаға қатысыңыздар, жиі Тәубе мен Еухаристия құпияшылдықтарына тақалаңыздар. Германияға келгендеріңізден кейін алғашқы қиын бейімделу кезеңінде сіздерге рухани қамқорлық етуіне арнайы дайындалған католик дін қызметкерлер сіздерді қарсы алады...

Атеистік режимнің барлық қатерлері мен қудалауынан өтіп, сонда да Құдайға және Шіркеуге беріктіктің сабырлы және сыпайы үлгісі болып табылатынына сенеміз» [20. 5 б.].

Бірқатар жылдар бойы көші-қон факторы Қазақстанның барлық католиктік приходтарының тарихында шешуші болды. Және де, біз көріп отырғанымыздай, эмиграция үдерісі Қазақстанның барлық облыстарындағы католиктер санының қатты қысқарылуы ғана емес, сонымен қатар сенушілердің бір бөлігінің моральдық келбетінің өзгеруіне де себеп болды. Эмиграция проблемасы көптеген приходтардың өміріндегі басты мәселеге айналып, Шіркеудің оған қатысты ұстанымы ең алдымен моральдық-адамгершілік аспекінде ерекше назар аударуға тұрарлық. Эмиграция нәтижесінде Католиктік Шіркеуі шеккен жоғалтымдар осы күнге де дейін орны толмас болып қалады.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы католик қауымдары көпұлтты. Олардың көпшілігі – поляктар, немістер және украиндар, бір кәріс қауымы бар, сондай-ақ католиктікті қазақтардың аздаған саны да тұтады [8. 671 б.]. Католиктік Шіркеуінің статистикасына сәйкес қазіргі уақытта Қазақстанда 1 архиепархия, 2 епархия, 1 апостолдық әкімшілігі, 60 приход, 3 епископ, 26 епархиалық пресбүтер, 17 монах пресбүтер, 19 монах, 40 монах әйел. Латын жорасын ұстанатын католиктердің саны – 300 мың адам [8. 672 б.].

Осылайша біз көші-қон факторлары Қазақстандағы Католиктік Шіркеуінің тарихында маңызды рөл атқарғанын көріп отырмыз, ал оның дамуының жекелеген белделерінде олар тіпті шешуші болды. Қазақстандағы Католиктік Шіркеуінің дамуының қазіргі белдесінде көші-қон факторларының рөлі айтарлықтай емес.

## Ескертулер

\* Мақала Қазақстандағы және шектес аумақтардағы этнодемографиялық үдерістер. VII Халықаралық ғылыми конференцияның ғылыми еңбектер жинағында жарияланды Өскемен, 2006. 54-61 б. ISBN 9965-704-85-6.

1. Орта Азияның ежелгі діндерінің тарихынан. Христиандық. Ташкент, 1994.

2. Приходько Грегор. Орта ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азиядағы христиандық тарихы // Шченский Анджей. Шіркеу Әкелері. Әкелеріміздің әкелері. Біз – Әкеміздің балаларымыз. Қарағанды, 2000. 135-181 б.

3. Приходько Грегор. Рим Папалары және Қазақстан // Киелі Әке Жохан Пауыл II Қазақстанға сапары. Қарағанды, 2001. 10-19 б.

4. Ерофеева И.В. XVIII ғ. екінші жартысындағы – XX ғ. басындағы неміс халқы арасындағы конфессиялық үдерістер // Орталық Азия немістерінің тарихы. Халықаралық ғылыми конференция ақпараттары. Алматы, 1997 ж. 9-10 қазан. Алматы, 1998. 52-64 б.

5. Вибе П.П. Неміс колонистердің XIX ғ. аяғында – XX ғ. басында Дала

өлкесіне көшу (Ақмола және Семей облыстарының мысалымен) // Орталық Азия немістерінің тарихы. Халықаралық ғылыми конференция ақпараттары... 19-30 б.

6. Бургарт Л. Шығыс Қазақстандағы неміс қоныстары тарихынан (XX ғ. басы – 1941 ж.). Өскемен, 1999.

7. Бургарт Л. Жерге орналастыру жөніндегі жер басқармаларының 1920-шы жылдарының ақпараттары Қазақстандағы неміс қоныстары тарихы туралы білімінің қайнар көзі ретінде // Ресей немістері: әлеуметтік-экономикалық және рухани даму. VIII Халықаралық ғылыми конференция ақпараттары, Мәскеу, 2001 ж. 13-16 қазан. М., 2002. 528-545 б.

8. Католик энциклопедиясы. II т. Францискандық баспасы. М., 2005.

9. Қазақстан немістерінің тарихынан. 1921-1975. Құжаттар жинағы. Жауапты редактор Карпыкова Г. А. Алматы. Мәскеу: Готика, 1997.

10. Грибанова Е.М., Зулкашева А.С. Немістердің Қазақстанға депортациясы тарихынан. 1936 жылы: көшіріп қондыру және орналасу (құжат көздері бойынша) // Орталық Азия немістерінің тарихы. Халықаралық ғылыми конференция ақпараттары. Алматы, 1997 ж. 9-10 қазан. Алматы, 1998. 222-228 б.

11. КСРО халықтарының депортациясы. 1930-1950 жылдар. 2 бөлім. Немістердің депортациясы (1941 ж. Қыркүйегі – 1942 ж. ақпаны) О. Л. Милова. М., 1995; Deportation, Sondersiedlung, Arbeitsarmee / Die Deutschen in der Sowjetunion 1941 bis 1956. (Hrsg. Eisfeld A, Herdt V.). Köln, 1996 және т.б.

12. Бургарт Л.А. Шығыс Қазақстанның неміс тұрғындары 1941-1956 жж. Өскемен, 2001.

13. Бургарт Л. А. «Қазақстанның неміс тұрғындары басқа ұлттар ортасында» тақырыбының демографиялық аспектісі: мәселе талқыға салуына // Қазақстандағы және шектес аумақтардағы этнодемографиялық үдерістер. VI Ғылыми-тәжірибелік конференция ақпараттары, Өскемен, 2004 ж. 27-28 қараша. 79-87 б.

14. Schnurr Josef. Die Kirchen und das religiöse Leben der Russlanddeutschen. Katholischer Teil. Stuttgart, 1980.

15. Бургарт Л. А. ПХК агенттік-хабардырлық желісінің ақпараттары бойынша арнайы қоныс аударылған немістердің діни топтары (40-50 жж.) // Қазақстан немістерінің мәдениеті. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ақпараттары, Алматы, 1998 ж. 9-11 қазан. Алматы, 1999. 112-121 б.

16. Ватиканның Қазақстан мен Орта Азияның Апостолдық әкімшілігін орнату туралы ресми құжаты // ЗОВ, №1, 1992. 6 б.

17. Орталық Азия немістерінің өміріндегі діни конфессиялардың рөлі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ақпараттары, 2002 ж. 30-31 қазан. Алматы, 2002; Die Rolle der religiösen Konfessionen im Leben der Deutschen von Zentralasien. Übersetzung einer Auswahl von Texten in die deutsche Sprache / Almaty, 2004.

18. Кредо қараңыз. Қазақстанның Рим-католиктік Шіркеуінің газеті. 1995-2005 жж.

19. Қазақстан Республикасы халқының ұлттық құрамы. ҚР-дағы 1999 ж. халық санағының қорытындысы. Алматы, 2000; ХІХ ғ. аяғындағы – ХХ ғ. Қазақстанның неміс халқы сондай-ақ қараңыз. 1897-1999 жж. халық жалпы санақтарының ақпараттары бойынша. Л.А. Бургарт. Өскемен, 2002.

20. Немістердің қоныс аударылуы туралы епископтардың үндеуі // Кредо, №19-20, 1997 ж. ақпан-наурыз. 5-6 б.